

**"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 14 қараша N 1202

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы "Лицензиялау туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы**

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14-кұжат, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат, N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1996 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 114, 149-кұжаттар, N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205, 322, 333-кұжаттар; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; 2002 жылғы 29 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сауда мақсатында теңізде жүзу мәселелері бойынша кейбір толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңы ) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 54) тармақшамен толықтырылсын:

"54) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын дайындау, олар бейнеленген материалдық объектілерді жасау, сондай-ақ оларды кез келген материалдық нысанда шығару".

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК